

**Тажбенова Сауле Тажединовнаның  
6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Қант диабетімен  
ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын  
бағалау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми  
рецензенттің берген**

**СЫН-ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның ғылымның даму  
бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі**

Қазіргі кезде созылмалы жұқпалы емес аурулардың ішінде қант диабеті қоғамдық денсаулық сақтаудың күрделі мәселерінің бірі ретінде қарастырылып отыр. Халықаралық диабет федерациясының деректеріне сүйенсек, 2017 жылы әлемде 425 млн. ересек адам қант диабетімен ауыратыны белгілі. Жылына әлемде қант диабетінен шамамен 4-5 млн. адам өледі. Қант диабеті казіргі таңда әлем бойынша созылмалы жұқпалы емес аурулар арасында өлім себебінен төртінші орында тұр. Қант диабетінің кең таралуы айтартықтай асқынуларға, мерзімінен болатын өлім-жітім мен мүгедектіктің басты себебі болуына, айтартықтай медициналық, әлеуметтік, сондай ақ экономикалық шығындарға әкеліп соктырады. Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстанда соңғы 10 жылда қант диабетімен сырқаттанушылық көрсеткіші 2007 жылы 100 мың тұрғынға шакқанда 129,2-ден, 2017 жылы 204,2-ге жетіп, аурушаңдықтың қарқынды өсүмен байланысты.

2013 жылы елімізде созылмалы жұқпалы емес аурулардың қазіргі таңдағы өзектілігін және әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, пилотты аймактарда тұрғындар арасында біріншілік созылмалы жұқпалы емес ауруы (оның ішінде артериалдық гипертензия, қант диабеті, созылмалы жүрек жетімпеушілігі) анықталған науқастарға арналған ауруларды басқару бағдарламасы енгізілуі жүргізіле бастады.

Пилотты аймактарда бұл бағдарламаны енгізу созылмалы жұқпалы емес аурулардың профилактикасы мен ол аурулармен күресу сұрақтарында, науқастардың өздерінің денсаулықтарына деген жауапкершілігін жоғарылатуда, медицина қызметкерлерінің бір-бірлерімен өзара қарым-қатынасын жақсартуда және бұл аурулардың асқынулары мен ауру жағдайының нашарлауын болдырмауға арналған бүкіл ресурстарды пайдалану кезіндегі бірқатар өзгерістер қажеттілігін туындалған отыр.

Ауруларды басқару бағдарламасы - бұл созылмалы ауруларға кеткен шығындарды мейлінше азайту және интегрирленген медицаналық көмек беру арқылы аурудардың асқынуларын төмендету, сондай ақ, профилактикалық шараларын жүргізу арқылы созылмалы жұқпалы емес аурулары бар науқастардың өмір жағдайын жақсартуға бағыталған концепция.

Бұл бағдарлама науқастардың денсаулық жағдайын жақсартуға, науқастың өз денсаулығын басқару, өзіне-өзі көмек көрсету дағдыларын дамытуға, сондай ақ дәрілік заттарды тиімді пайдалану мен науқастардың емделу шараларына деген төзімділігін арттыру сияқты бірқатар мәселелерді шешуге бағытталады.

Халықаралық тәжірибелерді талдау нәтижесінде ауруларды басқару бағдарламасына қатысушы науқастар тобы үшін бағдарламаға қатыспайтын науқастармен салыстырғанда оң әсерін көрсететіні анықталды. Қант диабетін өзін-өзі басқару бағдарламаларының тиімділігі туралы бірнеше жүйелі шолуларда да көрсетілген, яғни бағдарламалар науқастардың биомедициналық, мінез-құлық және психоэлеуметтік нәтижелерінің жақсартатыны көрсетілген. Елімізде бағдарлама енгізілгеннен бастап қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысын бағалауға арналған зерттеулер жүргізілмеген. Сондықтан бұл ауруларды басқару бағдарламасының жұмысын бағалау үшін зерттеулер жүргізуге негіз болды.

Бұл айтылған мәселелерді ескере келе, диссертациялық жұмыс тақырыбы қазіргі кезде өзекті және тәжірибелік маңызға ие тақырыптардың бірі болып табылады.

## **2. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылар мен ұсынымдардың ғылыми негізделу дәрежесі**

Әр нәтиженің дұрыстығы мен сенімділік дәрежесі таңдалған тақырыптың өзектілігімен, мақсаттың ойластырылуымен, қойылған және шешілген міндеттердің сәйкестігімен қамтамасыз етіледі. Зерттеудің ғылыми нәтижелері зерттеудің жақсы ұйымдастырылуына және зерттеудің әдістемелік базасына негізделген. Зерттеулердің жеткілікті көлемі және статистикалық өндөудің қолданбалы бағдарламаларының пакеттерін пайдалану арқылы алынған нәтижелердің, диссертацияның қорытындылары мен тұжырымдарының негізделігі мен дұрыстығын күәландырады. Статистикалық талдаудың бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып, көлемді статистикалық материал дұрыс өндөлген. Диссертацияның тұжырымдары мен қорытындылары зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және қоргауға ұсынылған қағидаларға сәйкес келеді. Диссертацияда берілген ережелер, нәтижелер, тұжырымдар дұрыс, жеткілікті негізделген, сенімді және материалдың үлкен көлемін өндөу нәтижелерін статистикалық талдау негізінде алынған. Диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалды.

## **3. Зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен тәжірибелік маңызы**

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы алғаш рет қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысына және бағдарламаның ұйымдастырушылық аспектілеріне сараптамалық баға берілген. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының іс-шараларының көлемі мен сапасын сараптау картасы және индикаторларына практикалық ұсыныстар әзірленген. Нәтижесінде Ақтөбе қаласының емханаларында «Ауруларды

басқару бағдарламасы бойынша шаралардың көлемі мен сапасын бағалау картасы және қант диабетін басқару бағдарламасының сапа индикаторлары» тақырыбындағы тәжірибелік ұсынысқа ғылыми-зерттеу жұмысын ендіру актілері алынған. Диссертацияда жасалынатын ұсыныстар тәжірибелік денсаулық сақтау саласында қант диабеті асқынуларының төмендеуіне және науқастардың өз денсаулығына жауапкершілігін жоғарылатуға әсер ететін ауруларды басқару бағдарламасының тиімділігін арттыруға көмектеседі. Орындалған диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы жеткілікті дәрежеде айқындалған.

#### **4. Диссертацияның нәтижелері мен қорытындыларының негізгі ережелерінің жариялануының толықтығына растама**

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері, қорытындылары мен негізгі ережелері 8 ғылыми еңбекте жарияланды, оның ішінде: 1 мақала Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналда (Electronic Journal of General Medicine, ISSN:2516-3507, 2019, 16(6):em172), 3 мақала КР Білім және ғылым Министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда, 3 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдарында. Сондай ақ, авторлық құқықпен қоргалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 1 қуәлік алынған.

#### **5. Докторанттың дербестігін, нәтижелердің шынайылығын, диссертацияның ішкі бірлігін және академиялық адалдықты бағалау**

Докторанттың ұсынылған диссертациялық жұмысы мақсатының айқындылығымен, қойылған және орындалған міндеттердің түпнұсқалығымен, қорғауға ұсынылған қағидалардың толық ашылуымен ерекшеленеді. Ғылыми әдебиеттерді талдау қазіргі таңда қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселесін шешуге бағытталған зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдауға мүмкіндік берді. Диссертациялық жұмыстың мақсаты медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысын бағалауға негізделген. Бөлімдерде зерттеу нәтижелері логикалық және өзара байланысты, сонымен қатар тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар ғылыми тұрғыда негізделген. Диссертацияның мазмұны мен құрылымы, орындалған міндеттердің дәйектілігі, қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар сенімді, қисынды түрде құрылған және алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің жоғары деңгейімен сипатталады. Зерттеудің қойылған міндеттері шешіліп, талданған жұмыстың қорытындыларында жүзеге асырылады, ал қорғауға ұсынылған негізгі қағидалары дәлелденген. Диссертацияның тұжырымдары жүргізілген зерттеулердің толық мәнін көрсетеді, ал ұсынылған тәжірибелік ұсыныстар медициналық-санитарлық алғашқы көмек деңгейінде ауруларды басқару бағдарламасының тиімді жұмыс істеуі үшін сөзсіз маңызды болып табылады.

## **6. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі**

Докторлық диссертация аннотациясы диссертациялық жұмыстың мазмұнына толық сәйкес келеді. Аннотацияда зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы және т.б. көлтірілген.

## **7. Диссертацияның мазмұны мен оны рәсімдеудегі кемшіліктер**

Тажбенова Сауле Тажединовнаның диссертациялық жұмысы диссертациялық жұмыстарды орындау талаптарына сәйкес сауатты жазылған. Диссертация мазмұны нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, шартты белгілер мен қысқартулардан, кіріспеден, әдебиеттік шолу, зерттеу әдістері мен материалдарынан, зерттеу нәтижелері мен талқылаулардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс компьютерлік терімнің 113 бетін құрайды. Құрылымы 25 кесте және 31 суреттен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 134, оның ішінде 33 отандық және 101 шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерін құрайды. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны бойынша мынадай ескертулер бар:

1. Диссертация мәтіндеріндегі орфографиялық қателерді және термин сөздердің аудармаларын дұрыстау керек;

2. Диссертациялық жұмыс стилистикалық қателерді жөндеуді қажет етеді.

Диссертацияның мазмұны мен дизайны туралы айтарлықтай ескертулер жоқ. Айтылған ескертулер пікірге ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік құндылығын және маңыздылық дәрежесін тәмендетпейді.

## **8. Диссертацияның Дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкестігі және докторантқа философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды**

Докторант Тажбенова Сауле Тажединовнаның 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы өз бетінше орындалған, білікті, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады, ол қойылған мақсаты, іске асырылатын міндеттері, көлемі, әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы, тәжірибелік маңыздылығы, сондай-ақ алынған нәтижелері бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал докторант 6D110200 - "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

### **Рецензент**

Медицина ғылымдарының докторы,

С.Ж. Асфендияров атындағы

ҚазҰМУ-дың эндокринология

кафедрасының профессоры

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН  
«С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ үлттық  
медицина университеті» №АҚ Құттамалық  
журналының жүргізу белгімі

ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ  
Руководитель отдела депопроизводства  
Казахский национальный медицинский  
университет имени С.Д.Асфендиярова»

Абылайұлы Жангентхан